

Бесқарағай ауылының көшелерінің атауларын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданының Бесқарағай ауылдық округінің әкімінің 2010 жылғы 27 шілдедегі N 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бесқарағай аудандық Әділет басқармасында 2010 жылғы 24 тамызда N 5-7-84 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .
Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

“Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы” Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 Заңының 14 бабының 4-тармағына сәйкес және тұрғындардың пікірін ескере отырып **ШЕШЕМІН:**

1. Бесқарағай ауылының көшелерінің атаулары төмендегідей өзгертілсін:

- “Крупская” көшесі “Жолан Дастенов” көшесіне;
- “Киров” көшесі “Жамбыл Жаббаев” көшесіне;
- “Пионерская” көшесі “Қайрат Рысқұлбеков” көшесіне;
- “1 Май” көшесі “Тәуелсіздік” көшесіне;
- “Комсомольская” көшесі “И.С.Шевцов” көшесіне;
- “40 лет Каз ССР” көшесі “Шәкәрім” көшесіне;
- “Степная” көшесі “Бауыржан Момышұлы” көшесіне;
- “Совхозная” көшесі “Желтоқсан” көшесіне.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

О к р у г ә к і м і н і н

міндетін атқарушы: *А. Курманғалиева*